

ЛОКОМОТИВ БРИГАДАЛАРЫ ТАРАПЫНАН ҰСЫНЫЛҒАН ӘРБІР ТИІМДІ ИДЕЯ ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗІЛІП, ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЗЕРДЕЛЕНУІ ТИІС. БІЗ КЕҢІРЕК ОЙЛАУЫМЫЗ КЕРЕК, ЖАПОНИЯ, АҚШ, ФРАНЦИЯ ТӘЖІРИБЕСІН НАЗАРҒА АЛУЫМЫЗ КЕРЕК. МӘСЕЛЕН, ЖАПОНИЯДА ЛОКОМОТИВ БРИГАДАЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕСУІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ҚАТАҢ РЕГЛАМЕНТ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БҰЗЫЛУЫН 75% ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТКЕН. СОҢҒЫДАЙ ШАРАЛАРДЫ БІЗ ӨНІРЛЕРГЕ ДЕ ЕНГІЗЕ БАСТАДЫҚ ЖӘНЕ ОЛ ӘРІПТЕСТЕР ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ ТАУЫП ОТЫР. ШЫН МӘНІНДЕ, КӨП ЖАҒДАЙ ЛОКОМОТИВ БРИГАДАЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ.

Асан ҮМБЕТОВ,
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры



№97 (3136)
21/11/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ФОРУМ В СИАНЕ: КАЗАХСТАН – КЛЮЧЕВОЙ ИГРОК

Делегация АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе с председателем правления Талгатом Алдыбергеновым прибыла с рабочим визитом в Китайскую Народную Республику, где 18 ноября приняла участие во Втором форуме международного сотрудничества железнодорожного маршрута Китай – Европа.

На форуме выступили заместитель премьера Госсовета КНР Дин Сюэсян, губернатор провинции Шаньси Чжао Ган, руководитель китайских железных дорог Го Чжусюэ и другие высокопоставленные представители правительственных структур из более чем 40 стран мира.

Особое внимание на форуме было уделено развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ), вопросам укрепления международного сотрудничества и роли железнодорожного транспорта в обеспечении стабильности глобальных поставок.

В рамках форума было подписано соглашение о присоединении китайских железных дорог через компанию CRCT к Middle Corridor Multimodal Ltd. – совместному предприятию Казахстанских, Азербайджанских и Грузинских железных дорог.

Выступая на форуме, Талгат Алдыбергенов подчеркнул, что развитию маршрута придают важное значение лидеры Казахстана и Китая.

Так, перевозки между Казахстаном и Китаем за последние 10 лет выросли более чем в 4,5 раза. В 2025 году ожидается достижение 35 миллионов

тонн (за 10 месяцев уже перевезено свыше 29 миллионов тонн, что на 11% выше уровня прошлого года).

Кооперационные проекты Казахстана и Китая в Ляньюньгане, Хоргосе, Сиане и других транспортных узлах демонстрируют устойчивый рост. Контейнерные перевозки за десятилетие увеличились более чем в пять раз и превысили 1,4 миллиона ДФЭ.

Позитивная динамика сохраняется и по ТМТМ: за 10 месяцев количество контейнерных поездов выросло на 12%, а Сиань стал крупнейшим управительным центром, обеспечив почти половину общего объема.

Для дальнейшего увеличения пропускной способности Казахстан масштабно модернизирует инфраструктуру: строится и обновляется около пяти тысяч километров путей. Это позволит довести возможности погранпереходов с КНР до уровня 100 миллионов тонн в год и укрепить роль страны как ключевого транзитного хаба Евразии.

В рамках визита состоялась также встреча Талгата Алдыбергенова с мэром Сианя Йе Ньюпином. Стороны обсудили расширение логистического партнерства, рост грузопотоков и



новые совместные проекты.

Отдельное значение имели четырехсторонние переговоры с участием железных дорог Казахстана, Азербайджана, Грузии и мэрии Сианя. К обсуждению присоединились представители Турции. Участники подтвердили общую позицию по развитию ТМТМ и договорились о совместных шагах в области инфраструктуры, цифровых

решений и координации перевозок.

Дополнительно руководство ҚТЖ провело переговоры с министром железнодорожного транспорта Туркменистана и секретарем парткома КПК города Цзиньхуа Чжу Чунле, обсудив перспективы расширения сотрудничества по международным маршрутам.

Асель ШАЙХЫНОВА,
фото Диаса НУРМАҒАНБЕТОВА

Ынтымақтастық

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қытайдың Сиань қаласында «Қытай-Еуропа» жобасы бойынша Екінші халықаралық ынтымақтастық форумы шеңберінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығы халықаралық әріптестікті дамытуға және нығайтуға бағытталған бірқатар стратегиялық маңызды құжаттарға қол қою рәсіміне қатысты.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Олардың ішінде «Транскаспий халықаралық көлік бағдарын жоғары сапалы бірлесіп дамыту туралы бастама» бар. Құжатқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «АЖД» ЖАҚ, «ГТЖ» АҚ, CRCT, ТХКБ және Сиань халықаралық порт-тобы қол қойды. Бастама цифрландыру, жоғары тиімділік, тұрақтылық, қауіпсіздік және тұрақтылық, бағыт бойындағы елдер мен өңірлер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдету сияқты қағидаттарға бағдарланып, транскаспий бағыты бойынша Қытай-Еуропа теміржол



контейнерлік экспресстерінің жоғары сапалы жұмыс істеуіне жол ашудағы бағытталған.

Сонымен қатар форум аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен China Development Bank арасында ынтымақтастық туралы мемо-

рандумға» және «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен The Export-Import Bank of China арасында ынтымақтастық туралы меморандумға» қол қойылды.

Бұл бастамалардың барлығы Қазақстан Президенті Қасым-Жо-

март Тоқаевтың еліміздің транзиттік әлеуетін одан әрі дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде жүргізіледі. Бұл құжаттар көлік жүйелерін тиімді интеграциялау, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру және еуразиялық логистиканың негізгі буыны ретінде оның ұстанымдарын күшейту үшін жаңа көкжиектер ашады.

Форум аясындағы келісімдерге қол қою ҚТЖ-ның халықаралық беделінің өсуінің және компанияның жаһандық серіктестермен байланыстарды нығайтуға ұмтылысының кезекті дәлелі болды.

Суретті түсірген
Диас НУРМАҒАНБЕТОВ

ПОРТТАРДЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Ақтау қаласында қазақстандық негізгі экспорттаушылардың қатысуымен «Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша 2025 жылдағы тасымалды бағалау және 2026 жылға тасымал жоспары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсат – ТХКБ қатысушыларына өңірдегі порттар мен терминалдардың инфрақұрылымын, олардың өткізу қабілетін арттыру бойынша жұмыстармен таныстыру.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана – Маңғыстау – Астана

Еліміз арқылы транзиттік және экспорттық тасымалды жүзеге асыруда стратегиялық маңызды нысан саналатын Ақтау және Құрық порттарында өткен іс-шара ҚТЖ бастамасымен ұйымдастырылды. Оған ҚТЖ мен қос порттың өкілдері және бірқатар ірі экспорттаушылар қатысты. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Саламат Абжалиевтің айтуынша, 2025 жылғы 10 айда ТХКБ бойынша теміржол көлігімен тасымал көлемі 2,6 млн тоннаға құраған. Осы бағытпен қазақстандық жүктердің экспорттық үлесі 74%-ға жетті. Түрлі түсті металдар тасымалы көлемі анағұрлым жоғары, яғни 84% өсім байқалды. Астық тасымалы үш есе, химиялық және минералды тыңайтқыштар 16%-ға артты. Батыс бағытындағы негізгі транзит 32,4% өсті, бұл аталған бағдарға халықаралық

деңгейде қызығушылықты көрсетеді.

ҚТЖ өкілдері бұл бағдардың тиімділігін арттыру мақсатында ауқымды аудит жүргізілгенін атап өтті. Соның нәтижесінде 2025 жылы 30 қыркүйекте Алматы қаласында өткен New Silk Way форумында «тар орындарды» жою бойынша Қазақстан, Әзербайжан және Грузияның Бірлескен іс-шаралар жоспарына қол қойылды. Құжат инфрақұрылымды дамыту, соның ішінде контейнерлік тасымалға арналған кемелер сатып алу, әкімшіліктік рәсімдерді бірегейлендіру, көлік үдерістерін цифрландыру, тариф саясатын келісу сынды негізгі бағыттарды қамтиды.

– Қазақстандық тарап мемелерді өңдеу уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік беретін жұмыстарды, яғни Ақтау портындағы теңіз түбін тереңдетіп, Құрық портында көтергіш-өтпелі көпірлерді жаңғыртуды қамтитын ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда, сонымен қатар Достық – Мойынты, Алматы айналма жолы,

Дарбаза – Мақтаарал, Мойынты – Қызылжар және Бақты – Ангөз сияқты 1 000 км астам жаңа теміржол желілерін салуда. Одан басқа қолданыстағы учаскелердің шамамен 3000 шақырымын жаңғырту көзделуде. 2030 жылға дейін инфрақұрылымды, жылжымалы құрамды дамытуға және заманауи цифрлық технологияларды енгізуге қосымша инвестициялар бөлу көзделген. Біздің серіктестеріміз де белсенді жұмыс жүргізуде. Әзербайжан фитингтік платформаларды сатып алуды жүзеге асырады, Баку – Беюк Касик учаскесінде айнымалы тоққа көшу жұмыстары аяқталады және Алят портының қуатын арттыру, соның ішінде тереңдету жұмыстары кеңейтіледі. Грузия жағы Марабда – Карцахи учаскесінің өткізу қабілетін арттырады, вагондардың айналымын арттыру бойынша жұмыс істейді және локомотивтермен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді. Сонымен қатар теміржолдардың, порттардың және теңіз операторларының ақпараттық жүйелерінің цифрлық интеграциясы жүзеге асырылады. Бірыңғай цифрлық тізбекті құру операциялардың ашықтығын қамтамасыз етуге, жүктерді өңдеуді жеделдетуге, уақытты қысқартуға және логистикалық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Ірі жүк жөнелтушілер ағымдағы жылға арналған көлем бойынша бағдарларды ұсынды. Өз тарапынан ҚТЖ порттармен бірлесіп инфрақұрылымдық мүмкіндіктерді кеңейту, қуатты жаңғырту және бәсекеске қабілетті тарифтік шарттарды әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастырады, – деді С.Абжалиев.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚЫЗҒАН



ҚР Премьер-министрдің кеңесшісі Нұрлан Ұранхаев, Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Нұржан Келбұғанов, тапсырыс беруші – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, бас мердігер ChinaHarbour Engineering Company Ltd және жергілікті атқарушы орган өкілдері «Бақты-Аягөз» теміржолының құрылыс-монтаж жұмыстарымен танысты.

Биылғы жылдың 21 шілдесінде басталған Қазақстан – Қытай шекарасындағы үшінші шекаралық өткелдегі жұмыстар жалпы ұзындығы 42 км болатын учаскелерде жүргізілуде. Құрылыс алаңында 120 бірлік техника мен 272 жұмысшы еңбек етіп, қазу және жер төсемін көтеру жұмыстары атқарылуда. Орындалған жер жұмыстарының жалпы көлемі – 517 972 м³. Сонымен қатар төрт вахталық қалашықтың құрылысы, ғимараттардың іргетасын орнату және жоспарлау, қоршаулар мен инженерлік желілерді орнату, кірме жолдарды салу, әкімшілік-тұрмыстық кешендердің қаңқасын құрастыру жұмыстары жүргізілуде. Жобалау-іздістіру жұмыстары да қолға алынған. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді 2026 жылдың 1 тоқсанының соңына дейін аяқтап, 2026 жылғы 6 сәуірге дейін мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу жоспарланған. Қысқы кезеңде негізгі назар жобалық-сметалық құжаттаманы аяқтау, бөлімдерді әзірлеу және материалдарды мемлекеттік сараптамаға тапсыру, сондай-ақ жергілікті мердігер ұйымдарды айқындау бойынша тендерлік рәсімдерді жүргізуге аударылады. Шарт талаптарына сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталу мерзімі – 2027 жылғы 31 желтоқсан.

Нұрбек БЕКЕН

КАЧЕСТВЕННО И В СРОК



Руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» озакомилось с реализацией одного из ключевых инфраструктурных проектов – строительством обводной железнодорожной линии вокруг Алматы.



В ходе визита руководство ҚТЖ осмотрело ход строительных работ, заслушало отчеты ответственных служб и подчеркнуло важность соблюдения сроков и стандартов качества. Также была отмечена социальная значимость проекта: реализация обводной линии создает новые рабочие места и способствует развитию транспортного инфраструктурного южного региона страны. Развитие транспортной сети вокруг Алматы – это не только вклад в экономику, но и улучшение качества жизни жителей мегаполиса, считают в ҚТЖ.

Напомним, проект направлен на разгрузку существующей магистральной сети в черте мегаполиса, повышение пропускной способности и снижение транзитной нагрузки на городской транспорт. Строительство обводной линии имеет стратегическое значение: благодаря ее запуску планируется сократить время прохождение поездов, улучшить логистику грузоперевозок, повысить безопасность и экологическую устойчивость региона.

Милена КАИРОВА

ОДНИМ ИЗ КЛЮЧЕВЫХ УСЛОВИЙ СОКРАЩЕНИЯ СРОКОВ ПОСТАВКИ ТОВАРОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ, УСТРАНЕНИЯ АДМИНИСТРАТИВНЫХ БАРЬЕРОВ И УМЕНЬШЕНИЯ ИЗДЕРЖЕК БИЗНЕСА ЯВЛЯЕТСЯ ПЕРЕХОД НА ЭЛЕКТРОННЫЕ ТРАНСПОРТНЫЕ И ТОВАРОСПРОВОДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ. МЫ РАССЧИТЫВАЕМ, ЧТО НЕОБХОДИМЫЕ ПРОЦЕДУРЫ В КИТАЕ ЗАВЕРШАТСЯ ДО КОНЦА ГОДА, И НАДЕЕМСЯ ВСКОРЕ ПОДПИСАТЬ АНАЛОГИЧНЫЙ ПАКЕТ ДОКУМЕНТОВ И С КАЗАХСТАНОМ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С МАЯ ПО НОЯБРЬ 2025 ГОДА ПО СЕТИ ҚТЖ ДОСТАВЛЕНО ПОРЯДКА

38,3 млн тонн
УГЛЯ.

С 2023 ПО 2025 ГОД
В КАЗАХСТАНЕ
ОТРЕМОНТИРОВАНО

4 277 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ
ПУТЕЙ.

БОЛЕЕ

3,5 тыс.

СЕЛЬЧАН ПОЛУЧИЛИ
ПОМОЩЬ ЮРИСТОВ ПОЕЗДА
«САЛАМАТТЫ КАЗАҚСТАН».

КӨМІР ТҰРАҚТЫ ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



2025-2026 жылдардың жылу беру маусымы кезеңінде, яғни мамырдан 13 қарашаға дейін ҚТЖ желісі бойынша шамамен 38,3 млн тонна көмір жеткізілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткішінен 1,3 млн тоннаға артық.

Еліміздің жылу электр орталықтарының қажеттіліктеріне 34,6 млн тонна көмір тасымалданды, коммуналдық тұрмыстық секторға 3,7 млн тонна отын жөнелтілді.

Жергілікті атқарушы органдар деректері бойынша көмір операторларының қоймаларында шамамен 432 мың тонна көлемінде коммуналдық-тұрмыстық көмір қоры қалыптастырылды. Барлық энергетикалық және коммуналдық-тұрмыстық көмірдің тасымалы толық көлемде орындалуда. ҚТЖ вагондардың жеткілікті паркін қамтамасыз етіп, қатты отынды тиеу процесін тұрақты бақылауда ұстап отыр. Жеткізу жоспарлы режимде жүзеге асырылып жатқандықтан көмір тапшылығы жоқ, кезектер мен дүрлікпе сұраныс байқалмайды. Тұтынушылардың барлық санаттары уақытылы отынмен қамтамасыз етіліп келеді.

Өскемен қаласында көмірдің жалпы қоры 11 150 тоннаны құрайды, оның ішінде «Сейком» ЖШС кірме жолдарында – 6300 тонна, «ТКТ» ЖШС кірме жолдарында – 1 500 тонна. Қалаға жеткізілім үнемі жалғасып отырады, бұл қорлардың тұрақты деңгейін сақтауға мүмкіндік береді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұтынушылардың барлық санаттары үшін көмірді тұрақты және үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуді жалғастыруда. Компания көмір операторлары мен жүк жөнелтушілерді, әсіресе күзгі-қысқы кезеңде тасымалдауға өтінімді уақытылы беруге шақырады.

ТЫҢНАН ТҮРЕН САЛҒАН ТОП

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент



Жуырда «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ұйымдастырған «Пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі бойынша үздік тәжірибелер» атты үш күндік республикалық байқау өз мәресіне жетті. Қазақстанның барлық өңірінен 12 команда қатысқан байқаудан шымкенттік команда олжалы оралды.



Командалар пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған инновациялық жобаларын ұсынып, әр өңірдің үздіктері үзенгі қағыстырған байқауда оңтүстік өлке теміржолшыларынан құралған «Қозғалыс сақшылары» командасы «квиз-ленд» сайысы бойынша ең жедел, білімді және креативті ұжым ретінде танылды. Бұл Шымкент ЖТ бөлімшесі қауіпсіздік қызметі бөлімінің бастығы Төлбасы Ордабай, жол бөлімінің бастығы Сержан Мырзабаев пен Арыс вагон пайдалану депосының бас инженері Ғалым Байзақов, Түркістан станциясының бас инженері Сұлтан Базаров және энергетика шаруашылығы маманы Нұрбақыт Байыров сынды кіл мықтылардан құралған команда еді.

Айрықша мәртебеге ие болған топ өкілдері өздері қызмет ететін өңір бойынша «Локомотив ресурсын тиімді пайдалану» жобасын ұсынып, Арыс торабында локомотивті айналдыру кезінде туындайтын артық уақыт пен шығын мәселелерін тиімді шешудің тамаша жолын көрсетті. Өйткені бұл станцияда осы күндері локомотивті толық айналдыруға 2-2,5 сағат жұмсалатын көрінеді. Өз кезегінде техниканың бос тұру уақытын өсіріп, бригаданың шығынын арттырады.

Ал қызметін терең ізденіспен, үздіксіз талдаумен ұштастырған тәжірибелі мамандар өз жобаларында осы түйінді тарқатудың екі бағытын нақтылаған. Оның бірі – ПТОЛ аумағында жаңа жол салу болса, екіншісі – локомотивтің басқару кабинасын жаңарту. Сөйтіп, экономикалық тиімділік тұрғысынан мынадай көрсеткіштер аталады. Ең алдымен доңғалақ жұптарын жөндеу шығыны азаяды. Бұл қаржылық тұрғыда 110 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ 420 мың кВт электр энергиясы мен 5 мың тонна дизель отыны үнемделеді. Оған қоса, жұмысшылар бригадасының уақыты 1 мың сағатқа қысқарып, локомотив өнімділігінің артуы 1 мың лок./сағатқа артады. Осындай оңтайлы істердің нәтижесінде станцияның өткізу қабілеті еселеніп, жүк айналдыры өседі.

«Қозғалыс сақшылары» командасы Түркістан станциясы паркіндегі шектік бағаналардан шығу сигналдары жоқ жолдарға жол нөмірін қою туралы да жоба ұсынды. 1-санатты Түркістан станциясы учаскелік деңгейдегі маңызды нысан болғандықтан, мұндағы кіші сұрыптау дөңесінде тәулігіне 1500 вагон өңделеді. Өткен жылы станцияда шығу бағдаршамдарының болмауы салдарынан бағыттағыш бұрманың зақымдану фактісі тіркелген. Оның себеп-салдары ретінде маневрлік локомотив машинисі маршруттың дұрыстығына көз жеткізбеген деген қорытынды шыққан. Осы бір олқылықтың орнын толтыру үшін шектік бағаналарды пайдалану арқылы қатар тұрған жолдардың нөмірін көрсету ұсынылды. Жоба авторларының айтуынша, ГОСТ 8442-65 стандарты бойынша іске асырылған бұл жаңалық маневр машинисі мен маневр жетекшісіне нақты бағытты анықтауға көмектеседі. Нәтижесінде қозғалыс қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, станция қызметінің қарқыны өседі деген сөз.

Суретті түсірген автор

ПОРТТАРДЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол осыған байланысты ұсынылған шешімдерді де баяндады. Атап айтқанда 2025 жылға арналған тасымалдау көлемін бағалауды жүргізу; ҚТЖ-ға 2026 жылға арналған Экспорттық көлем болжамын ұсыну; Қазақстан, Әзербайжан және Грузия учаскелерін қоса алғанда бағдар бойы тасымалдау бойынша проблемалық мәселелерді ҚТЖ-ға жіберу; мұнай құю жүктері бойынша көлемді арттыру туралы мәселені қарау, Қазақстан порттарының бағытына жөнелтілімдерді ұлғайту бойынша қосымша ұсыныстарды бекіту керектігі айтылды.

Порттар мен терминалдар басшылары инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін көрсетіп, жүк жеткізу жылдамдығын арттыруға бағытталған іс-шараларды таныстырды.

Жалпы аумағы 44 га алып жатқан Ақтау теңіз сауда портында жүктерді жөнелту, қоймада сақтау және көліктің барлық түрлеріне қызмет көрсету жұмыстары атқарылады. Қоймалар ауданы 80 мың шаршы метр. Астық, мұнай, құрғақ, яғни контейнерлік



жүктерге және кемелерге арналған 11 айлақ бар. Порттың іс жүзіндегі өткізу қабілеті жылына 12,3 млн тонна. Жүк жөнелту жұмыстарын барынша қысқарту және өткізу қабілетін арттыру мақсатында тағы бірнеше жобалар жүзеге асырылуда, – деп «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ коммерциялық жұмыстар жөніндегі атқарушы директоры Арман Жақыпов және ол сол жобалар бойынша жұмыстар жүріп жатқан нысандарды аралатып көрсетті.

Дәл осылай Құрық портының да жүк жөнелту жұмыстары мен маңызды ны-

сандарының қызметі таныстырылды. Жүк жөнелтушілер қазіргі таңдағы операциялық қызметтер бойынша сұрақтарына ҚТЖ өкілдері тарапынан жауап алды.

Тараптар айтылған шешімдер мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұсыныстарын хаттама арқылы бекітті. ҚТЖ Қазақстан аумағы бойынша тұрақты жүк ағынын қамтамасыз ете және тасымал тиімділігін арттыра отырып транскаспий логистикасын дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту жұмыстарын жалғастыра береді.

Суреттерді түсірген Абзал ҚАЛИЕВ

СЕКСЕУІЛДІКТЕР СЕРПІНІ ЖОҒАРЫ



Қызылорда жүк тасымалына қарасты Сексеуіл станциясы – Жезқазған-Арыс-Ақтөбе бағытына жұмыс істейтін аймақтағы негізгі тораптық станцияның бірі. Сексеуіл арқылы өтетін жүк және жолаушы пойыздарының қозғалысы бүкіл Сыр өңіріндегі өндірістің дамуына серпін беріп отыр десек, қателеспейміз.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жыл басынан бергі он айда Сексеуіл станциясына 2886 пойыз қабылданып, 168 599 вагон ажыратылып, тиісті құжаттары рәсімделіп, нысаналы бағыттарға жөнелтілген. – Он ай ішінде маневрлік және пойыздық жұмыстар қатаң тәртіппен орындалып, қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін бірде-бір оқиға тіркелген жоқ. Барлық өндірістік процесс техникалық және еңбек қауіпсіздігі талаптарына сай жүргізілді, – дейді станция бастығы Абдулхамит Тұрмантаев.

Тек қазан айында станцияда 305 пойыз қабылданып, 17 004 вагон ажыратылып, тиісті құжаттары ретке келтірілген. Ал айлық жоспар бойынша 90 вагонға жүк тиеу көзделсе, сексеуілдіктер бұл межені 97 вагонға жеткізіп, жоспар 107 пайызға асыра орындалған. Ал он айға жоспарланған 316 вагонға жүк тиеу жоспарының орындалуы 714 вагонға жетіп, меже екі есеге жуық артық көрсеткішті бағындырған.

Сексеуіл станциясының әр қызметкері – өз ісінің шебері. Әр пойызды кідіріссіз

қабылдап, дер кезінде жөнелтіп отыратын станция кезекшілері Жаппарберді Әбдірахманов пен Даурен Сидағұлов, маневрлік қозғалысты шебер басқарып, вагондарды кірме жолдарға бағыттап отырған маневр диспетчері Еркебұлан Қарабаев сынды теміржолшылар – Сексеуілдің мақтанышы.



Пойыз құрамын дәлдікпен құрастырып, станция паркіндегі қозғалысты үйлестіріп отыратын Жәнібек Еспаев пен Қайрат Мұқановтың еңбегі де ерен. Бұлар пойыз-

дардың үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін негізгі буын саналады.

Ал өндірістік көрсеткіштің жоғары болуы вагон құжаттарын рәсімдеп, жүк қабылдап-тапсыру ісін тиянақтайтын Кеңесхан Сариев пен Индира Абсұлтанова, тауар касирі Аманкүл Жетесова сынды мамандардың жұмысына тікелей байланысты десек болады.

Станция бастығы Абдулхамит Тұрмантаев жыл бойы атқарылған еңбектің нәтижесіне ерекше тоқталып, әріптестеріне шынайы ризашылығын жеткізді. Оның айтуынша, қазан айында 6635 тонна жүк тиеліп, он айлық меже 48 534 тоннаға жеткені – сексеуілдіктердің тынымсыз еңбегінің арқасы.

Станция бастығы құжатты рәсімделмей бос тұратын транзиттік вагондар уақытын қысқарту бағытындағы нәтижелерді де атап өтті. Қазан айында 2,5 сағат деп жоспарланған көрсеткіш 2,3 сағатқа дейін төмендеуі, он айдағы 2,8 сағаттық меже 2,6 сағатқа дейін жетуі – сексеуілдіктердің бұл мәселеге ұсақ-түйек деп қарамай, әр минутты тиімді пайдаланғанын дәлелейді.

Суретті түсірген автор

БҰЛ – БОЛАШАҚ «БАҚТЫ» СТАНЦИЯСЫ



Президент тапсырмасы аясында қарқын алған «Бақты-Аягөз» теміржол жобасының құрылысы аймақтың күнгей өңірі саналатын Мақаншы ауданынан, дәлірек айтсақ болашақ Бақты станциясынан басталып, Аягөз бағытына қарай ойысуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Техникалық талаптарға сай, теміржол төсемі үшін жер қыртысын әзірлеу жұмысын бұл аймақтағы қазіргі ауа райында жүргізе беруге болады. Бүгінгі күндері құрылыс жұмыстарына 120 техника, 272 адам тартылған. Құрылыс барысы кестеге сай, белгіленген меже бойынша жүргізілуде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бақылауындағы «China Harbour Engineering Company Co. Ltd» мен «Reco Stroy KZ» ЖШС компаниялары жобаны нәтижелі жүзеге асыруды бастады. Қазіргі уақытта жоба аясында вахталық тұрғынжайлар дайындау, техника мен персоналды жұмылдыру ісі қарқынды жүріп жатыр.

Жобаға тоқтала кетсек, бір бағытты теміржол желісінің жалпы ұзындығы 297 шақырымды құрайды. Оның бойында 10 бөлек пункт, мал айдау жолдарымен жабдықталған 211 су өткізгіш құбыр және 78 көпір болады.

Құрылыс барысын қатаң бақылауда ұстап отырған Семей магистральдық желі бөлімшесі мамандарының сөзіне сүйенсек, теміржол төсемін салу үшін ұзындығы 25 метр болатын жаңа Р65 типті рельстер қолданылады. Телім бойы толығымен жаңа темірбетонды шпалдардан тұрмақ. Ал шпалдардың орналасу жиілігіне тоқталсақ, тұзу және қысық учаскелерде 1 км-ге 1 840 шпал төселетін болады. Балласт қиыршық тастан жасала-

ды, шпал астындағы қалыңдығы – 35 см, ал құмды төсеніштің қалыңдығы – 20 см. Сонымен қатар біржолалық учаскенің жер төсемінің ені 7,6 метр болады.

– Жобаны іске асыру барысында ең соңғы, жетілдірілген технологиялық жабдықтар саты алынып, теміржол қызметінде сынақтан өткен әрі тиімді технологияны барынша енгізу көзделіп отыр, – дейді бөлімшедегі жол шаруашылығының білгірі, Құрметті теміржолшы Рахат Ботаспаев.

Жалпы, НЖС-6 бөлімшесі басшылығы құрылыс барысын назарда ұстауда. Басшылық құрам осыған дейін де бірнеше мәрте Бақты өңірінде болып қайтқан. Ауыл тұрғындарымен де жүздескен. Жуырда Мақаншы ауданының әкімі де облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес құрылыс нысанында болып, жұмыс барысымен танысып қайтты. Атқарушы билік өкілдері мердігер ұйым басшыларымен және инженерлік құраммен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыстардың барысын ғана емес, сапасын да тексеріп, нақты тапсырмалар беруде.

Өндірістік жоспарға сәйкес, желі құрылысын аяқтау және пайдалануға беру уақыты 2027 жылдың желтоқсан айына межеленген. Жоба толық тәмамдалған соң желі бойында ең кемі 1 200 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деген жоспар бар.

Айта кетер жайт, «Бақты-Аягөз» теміржол



желісі бойынша 2030 жылға дейінгі жүк тасымалдау көлемінің маркетингтік болжамы да анықталған болатын. Жүктеме шамамен 7,8 млн тонна деп бағалануда. Бұл дегеніміз, байырғы Ұлы Жібек жолы бойындағы Бақты кеден бекеті Қытайдың Еуропа мен Сібірге ашылған терезесіне айналатын болады. Бұл орайда «Бақты» құрғақ портының құрылысын салу бойынша маңызды инфрақұрылымдық жоба қолға алынған. Қазіргі күні жүкті өңдеу және жинақтау бағытындағы көлік-логистикалық хабтың құрылысы басталған.

Болашақ «Бақты» станциясының мүмкіндік аясы өте кең. Небары 20 шақырым жерде Қытайдың Тарбағатай аймағына қарасты іргелі сауда-логистикалық орталығы – Шәуешек қаласы тұр. Осыдан біраз жыл бұрын ҚХР-дың ішкі өлкесінен жол тартатын Қарамай – Шәуешек теміржол желісінің құрылысы аяқталған болатын.

Ал Бақтыдан бастау алған құрылыс-монтаждау жұмыстары қыста да жалғаса бермек.

Суретті түсірген автор

Инфраструктура

КАПРЕМОНТ УСПЕШНО ЗАВЕРШЕН

ТОО «Теміржол жөндеу» завершило программу капитально-го ремонта железнодорожных путей 2025 года, полностью обновив 244,382 километра.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Работы велись в Павлодарском, Акмолинском, Семейском, Жамбылском и Актюбинском регионах. – 244,382 километра – не просто цифры, это вклад в надежность, безопасность и устойчивое развитие железнодорожной инфраструктуры Казахстана. Каждый километр – результат слаженной работы, профессионализма и ответственности наших коллективов по всей стране, – отметил директор по строительству и ремонту железных дорог ТОО «Теміржол жөндеу» Азамат Мол-

дахметов. – Особую благодарность хочу выразить директору ПМС Астана Азамату Имагамбетову, отличившемуся в сезоне, – под его руководством завершен ремонт на 64,6 километра пути в границах Павлодарского и Акмолинского отделений магистральной сети, а также параллельно продолжаются работы по модернизации и развитию участков Аксу – Жана-Семей. Работниками ПУ Шар проведена модернизация 55,25 километра в Павлодарском и Семейском отделениях, ПМС Бірлік – 52,11 километра в Жамбылском отделении.

Наибольшее количество

километров капитально отремонтировано на участках Актюбинского отделения магистральной сети силами ПМС Актөбе – 72,38 километра. Именно здесь было проведено последнее окно 16 ноября.

– Капитальный ремонт является одним из основных направлений деятельности ТОО «Теміржол жөндеу», обеспечивая безопасность, надежность и бесперебойность движения поездов. Эта работа способствует развитию транспортной системы Казахстана и укреплению ее позиций на международном арене, – подчеркнул Азамат Молдахметов.

Фото автора



ВСЕВИДЯЩЕЕ ОКО РЕВИЗОРОВ



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Отраслевые ревизоры проверяют предприятия, анализируют инциденты и дают рекомендации для повышения безопасности. Регулярный контроль помогает уменьшить количество нарушений и обеспечить стабильную работу железной дороги.

В границах Алматинского участка за 10 месяцев 2025 года зарегистрировано 96 НБД (против 89 в 2024 году), что на семь случаев больше. Ремонтными предприятиями допущено 23 инцидента, по сравнению с 20 годом ранее. Ревизорский аппарат следит за соблюдением

Ревизорский аппарат Алматинского участка железной дороги контролирует соблюдение правил движения и технического состояния поездов.

правил движения и технической безопасности. Сотрудники анализируют инциденты и обучают персонал действиям в нестандартных ситуациях. Также проводится разъяснительная работа с населением для предотвращения наездов. За отчетный период зафиксировано 14 таких случаев, большинство из которых связано с состоянием алкогольного опьянения пострадавших. Этот фактор остается одной из основных причин несчастных случаев, что требует усиления профилактики.

Отмечаются и случаи суицида. Так, на участке Отар – Алматы, на станции Казыбек бек, человек намеренно вышел на пути перед поездом. Это подчеркивает необходимость

дополнительных мер по предотвращению подобных трагедий.


Растет число инцидентов с участием подростков. Селфи на путях, катание на самокатах и нахождение в санитарных зонах создают серьезные риски и требуют усиленной профилактики среди молодежи.

– Ревизорский аппарат работает не только над выявлением нарушений, но и над их предупреждением, – отмечает главный ревизор Алматинского региона Мейрамбек Серикбаев.

Он подчеркнул, что работа ведется системно и направлена на обеспечение безопасности движения поездов. Сотрудники контролируют соблюдение правил эксплуатации, разбирают нарушения и проводят профилактическую работу с персоналом и населением. По его словам, регулярные проверки и разъяснения помогают снижать количество инцидентов и повышать дисциплину на объектах железной дороги.

Он также отметил низкую культуру вождения на железнодорожных переездах. Часто фиксируются случаи лихачества, нарушения скоростного режима и правил остановки, что создает угрозу для движения поездов и безопасности людей.

НОВЫЙ ФОРМАТ ПОКАЗАЛ ЭФФЕКТИВНОСТЬ



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Занятия проходили в Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37), Защитинской дистанции сигнализации и связи (ПЧ-28), подразделения Семейской дистанции электроснабжения (ЗЧ-18), а также Кумыстауской дистанции пути (ПЧ-38).

